

Ұлттық ойындарды спорттық ойын сабақтарында, жеңіл атлетика, гимнастика сабақтарында, жалпы дене қуаты дайындығы және жаттықтыру сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Ал кей балалар ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей балалар ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін қызықты ойынның түрлері өте көп.

Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен атын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды[5].

Ұлттық ойындар ұлт болып қалыптасқалы халықпен бірге жасасып, ғасырлар бойы ұмытылмай, атадан балаға мұра ретінде ауысып отырған. Олар баланы пайдалы еңбекке, сөйлеуге, мергендікке, тапқырлыққа, ептілік пен күштілікке, бірлесіп қызымет атқаруға, төзімділікке және т.б. тәрбиелеудің ұтымды құралы болған. Ұлттық ойындарын тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған жөн. Өйткені, ойын баланың дүниені танып білуге қадам жасар алғашқы басқышы. Егер баланың алғашқы өмір кезіндегі тікелей айнала қоршаған ортамен байланысын адамдармен, жолдастарымен қарым — қатынасын елеп ескермей өмір тәжірибелерінен қол үзгізіп, бірден өзіне бейтаныс дүниеге мәжбүр етсек, олардың психикалық дамуына кері әсер етуі әбден мүмкін.

Қорытынды. Қазақтың ұлттық спорт түрлерін қазіргі кездегі мектеп жағдайында өткізудің осындай әдістемелік ерекшеліктері бар. Сабақ басында оқушыларға ұлттық спорт түрлерінің тарихын, бұрынғы, қазіргі ережелерін, маңызын айту, олардың өз ұлтына деген мақтаныш, патриоттық сезімдерін оятудың үлкен маңызы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ халқының салт дәстүрлері. Алматы, 2007ж.
2. Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Ауылдық жердегі дене тәрбиесі, сауықтыру дене тәрбиесі, спорт, көпшілік спорт жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді жолдары // ДТ теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Туризм және спорт академиясы. – 2006. – № 1.
3. «Асық» ойының үйрету тәсілдері. Орал, 2016ж.
4. Б.Төтенасв. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы, 1994ж.
5. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл.

**Мықтыбеков С.Д.,** дене шынықтыру оқытушысы

**Советов А.Р.,** дене шынықтыру оқытушысы  
«Болашақ» жоғарғы колледжі, Қарағанды қ.

**Калиев С.С.,** дене шынықтыру мұғалімі

**Икрашев С.Т.,** дене шынықтыру мұғалімі  
№ 23 ЖББМ, Қарағанды қ.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ**

**Аннотация:** Мақалада мектепке дейінгі балалардың денешынықтыру сабақтарында ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеудің әдістемелері туралы баяндалады. Сонымен қатар бала бақшаларда денешынықтыру сабағын өткізу барысында жаттығу элементтерін ұлттық ойындар арқылы игеруіне көңіл бөлінуі мен балалардың қимыл қозғалысы және дене сапаларын дамытудағы орны туралы әдістемелер берілген.

**Кілт сөздер:** денешынықтыру, бала-бақша, дене сапалары, ұлттық ойындар, сабақ.

**Mktybekov S.D.**, physical education teacher  
**Sovetov A.R.**, physical education teacher  
«Bolashak» Higher college, Karaganda  
**Kaliyev S.S.**, physical education teacher  
**Ikrashev S.T.**, physical education teacher  
secondary school № 23, Karaganda

## THE CONTENT AND METHODOLOGY OF EDUCATING PRESCHOOL CHILDREN IN PHYSICAL EDUCATION LESSONS THROUGH NATIONAL GAMES

**Annotation:** The article tells about the methods of education of preschool children through National Games in physical education lessons. In addition, in the course of physical culture classes in kindergartens, methods of focusing on mastering the elements of training through national games and their place in the development of children's motor movements and physical qualities are given.

**Keywords:** Physical Culture, kindergarten, physical qualities, National Games, lessons.

Бес жастағы баланың дене-күш қабілеттері, қозғалыс дағдылары 3-4 жастағы балаларға карағанда көп айырмашылықтары бар бұл жастағы балалардың ойлау қабілеттері жақсы жетілгендіктен олардың күрделі ойындарды ойнауға ұмтылыстары жиі байқалады.

Бес жастағылардың ойынға деген ұмтылысы өзіндік ерекшелігімен дараланып көрініс береді. Бұл жастағы балалар өзінің іс-әрекетін басқалардың әрекетімен бірлестіре орындап, ойын барысындағы ортақ мақсатқа ұмтылысы қалыптасады.

Бұл кезде балалар арасында достық қарым-қатынас қалыптасып, бір-біріне көмектесу сезімі дамиды.

Балаларда қимыл-қозғалыс әрекетін қиялынан ойлап тауып ойнау дағдылары көрініс бере бастайды. Олар өздерінің күш деңгейін, шынайы мүмкіндігін білмесе де кез-келген қимыл-қозғалысқа арналған тапсырманы орындауға талаптанады. Бес жастағы баланың көру, есту, сезіну, есте сақтау қасиеттері жақсы даму кезеңінде болады.

Бала қимыл-қозғалыс түрлерін жақсы ажыратады, олардың кейбір элементтерін нақты айыра біледі. Бұл жастағы бала өзінің қимыл-қарекетінің сапасын бағалап, талдау жасау қабілеттілігі жетілу үстінде. Бұның барлығы баланың алдын-ала ойланып өз еркімен жасайтын еркін қимыл-қозғалысын туғызады.

Қимыл-қозғалыс ептілігі мен дағдысын әрі қарай өрістету баланың денесінің даму деңгейімен байланысты.

Дененің өз дәрежесінде сапалы шынығуы күнделікті тұрақты жаттығудың арқасында жүзеге асады. Нәтижесінде баланың қозғалыс мүмкіндігі кеңейіп, денесінің күші артып, психологиялық тұрғыдан күрделі қимыл-қозғалыс әрекетін орындауға дайын болып, күш жігері артады [1].

Ойын сәтінде баланың қимыл-қозғалыс әрекетінде жана әдіс-тәсілдерді тануға, оны меңгеріп, бекітуге деген ұмтылысы оянады да қимыл-қозғалыстың тұрақты қажеттілігі қалыптасып, жұмыс жасау қабілеті артып, бала денесінің шымырлығы мен шынығуы артады.

Осы кезеңдегі ең басты мақсат балаға ұлттық ойынның пайдасы мен қажеттілігі туралы түсінігін кеңейтін оның ойнауға деген қызығушылығын тудыру болып табылады.

Дене шынықтыру сабағын өткізу барысында жаттығу элементтерін ұлттық ойындар арқылы игеруіне көңіл бөлеміз және баланы ептілікке, шыдамдылыққа баулуды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелейміз жолдарын қарастырамыз.

Дене шынықтыру сағатын өткізу барысындағы барлық жағдайда баладан ұйымшылдықты, достық қарым-қатынасты сақтап ойнауға әдеттендіруді қалыптастыру маңызды жұмыс болып табылады.

Ойын кезінде жүгіру барысында балалардың кеңістіктегі бағыт-бағдарларын мөлшерлеулері жақсы дами бастайды, сондықтанда осы кезде топ болып ойнайтын қозғалмалы ойындарды ойнауға үлкен мүмкіндіктер бар. Осы жастағыларға қозғалмалы ұлттық ойындар ішінен: «Аш қасқыр», «Жүйріктер женеді», «Жаяу жарыс», «Қап киіп жарысу» ойындарын ойнау тиімді болып келеді.

Жүгіру дағдысын жақсартатын ойындарының бірі - «Аш қасқыр». Ойынға топтағы барлық бала қатысады. Ойыншылар арасынан бір баланы «аш қасқыр» деп белгілейді. Белгіленген алаң ортасында ойыншылар «аш қасқырға» жеткізбей қашып жүрулері керек. «Аш қасқырдың» мақсаты алаң ішіндегі ойыншылардың біріне қолын тигізуі қажет.

Ұсталып қалған бала «аш қасқырға» айналады да, өзі ойыншыларды қууға кіріседі. Осылайша «аш қасқырлық» ауысып ойын әрі қарай жалғасады.

Балаға жүгірудің сапасын жақсарту мақсатында «Жаяу жарыс» ойынын ойнатуға болады. Дұрыс жүгірудің түрлерін көрсетіп, түсіндіре тұрып баладан тапсырманы нақты сол деңгейде орындауды талап етудің қажеттігі жоқ себебі бала ойын кезінде бар ынтасымен ойын тәртібін орындауға көңіл бөлгендіктен жүгіру сапасына ден қоймайды [2].

Ең бастысы жүгірудің сапалық қасиеттері: жүгіру кезінде өзін еркін ұстау мен табиғилық, денесін жеңіл сезіну, жәй жүгіріс пен шапшаң жүгіруді меңгерту болып табылады. Жүгіру қабілетін дамытуға қазақтың ұлттық «Жүйріктер женеді» ойынын ойнату тиімді екендігін көрсетті. Бұл ойында балалар белгіленген қашықтықты жылдам және баяу қарқынмен жүгіруге дағдыланады. Балалардың жүгіру дағдысын меңгеру сапасына қарай жүгіретін қашықтық ұзара береді. Жарты жыл өткен соң бұл ара қашықтық 100 метрге дейін ұзартылуы мүмкін. Бес жастағылар үшін «Жаяу жарыс», «Жүйріктер женеді», «Кім жылдам», «Қап киіп жарысу» ойындарын ойнату тиімді.

Бес жастағы балалар бір орнында тұрып секіру, ұзындыққа секіру, бөгеттен секірін өтуді ары қарай жетілдіре береді. Секіру сәтіндегі жерге жеңіл қонуды одан әрі игерумен қатар, баланың секіруге дайындық кезіндегі денесін дұрыс ұстап тұруы, жерден аяқпен күш алуымен қатар қолдарын секіру кезінде сермеу үндестігінің дұрыс қалыптасуы жетілдіре береді [3].

Ұстаздың секіруді үйрету кезіндегі ең көп көңіл бөлетін және баланың дұрыс орындауын талап ететін тапсырмасы баланың жерге аяқтарының ұшымен түсуі және сол кезде аяқты тізеден бүгіп дененің жерге жұмсақ қонуын үйрету болып табылады.

Жерге жұмсақ қонуды үйретуге «Қарғымақ», «Кірііше қарғу» мен «Лақша секіру» ойындарын ойнату тиімді. Ойынды ойнау сәтінде балаға екі тізегі бүгін, жерден аяқтарымен күш ала тебінуі арқылы жасалатын секірістің жеңіл болатындығын айтып және көрсетін түсіндіру керек.

Бес жастағы балаларға бір аяқпен алға тебіну арқылы ұзындыққа секірту дағдысын жетілдірін меңгерте бастау қажет. Алғашқы бір аяқтап секіру үлкен нәтиже бермейді, себебі баланың көпшілігі тізеден аяқты қатты бүгіп, алға қарай бүкшендей еңкейіп, салмақты беліне салып жібереді. Бірте-бірте балалар жайлап бір аяқтап онша биік емес деңгейде бір қалыпты секірісті аяқты тізеден жартылай бүгіп, аяқтың басымен жерден күш ала секіруді меңгереді. Уақыт өте келе баланың бір аяқпен алға қарай ұмсына секіру қабілеті күшейеді. Ойын кезінде әр бала қанша секіргісі келеді, сонша секіреді, оған шектік қоймаймыз. Секіруді оң және сол аяқпен орындап үйренуді меңгерту болашақта өмірде өте қажет дағды болып табылады.

Бес жастағы балаларға биіктікке секіруді 20-30 сантиметр биіктіктен бастап ұлғайта беру тиімді себебі балалар алғашқы биіктікке секірісін жақсы орындаса оларға өзіне деген сенім кіреді.

Бес жасқа толған балалардың барлығы дерлік бір орнынан ұзындыққа секіруді қос аяқтап жерден тебіне секіре алады. Бұндай секіріс кезінде қолдарын құлаштап өздерін демеуді де біледі.

Бірақ қолдарын құлаштап алға жіберіп, аяқты жерден көтерін күш алу арасындағы үндестік байланысы нашар болып келеді. Сондықтан балалар қолдарын алға-артқа сермелеп құлаштауды жерден тебіну кезінде бірлесе жасап үйренуі қажет.

Бес жастағы балалар еңбектеудің барлық түрін еркін меңгеру сатысына жете бастайды. Осы кездегі берілетін негізгі еңбектеу түрлері төрттағандап еңбектеу, ішіне жатып еңбектеу, өрге және төмен қарай еңбектеу, тепе-теңдікті сақтауға арналған еңбектеу түрлері.

Еңбектеп ойнайтын ойындарға «Бұғынай», «Балықтар», «Өрмекші», «Сикырлы таяқ» ойындарын ойнатып дағдыландырған тиімді.

Ұлттық ойындар арқылы еңбектеу дағдысын дұрыс меңгерту үшін ойнату сәтінде көптеген ойын құралдары орындық, баспалдақ, доп, ағаш тақтай т.б. пайдалану сабақтың сапасын арттырады.

Бес жасқа толған баланың қозғалыс дағдысының жақсы дамуы, дене күшінің көбеюі оның лақтыру және қағып алу қабілетін жақсарта түседі. Лақтыру және қағып алу жаттығуларын қазақ халқының ұлттық ойындары «Алшы», «Қағып ал», «Хан ату», «Тұмақ ұру», «Карагие» арқылы ойнатып, дағдыландырған тиімді болып келеді. Бұл жастағы балалар қолдарындағы затты бір және екі екі қолдарымен белгілі бір бағытта нысанаға бағыттап жаттығуды үйрене бастайды.

Бұл дағдыларды жаттықтыру үшін асықпен ойналатын «Алшы», «Хан ату», ойындарын дене шынықтыру сабағына енгіземіз.

Тәрбиеші бұл ойындарға ер балалар мен қыз балаларды араластыра ойнатады. Ойын барысында тәрбиеші бала саусақтарының дұрыс қимыл-қозғалыста болуын назарынан тыс қалдырмауы қажет, яғни бес саусақ белсенділігінің артуын бақылайды.

Допты жерге домалату, межеге жеткізу, лақтырып қағып алуды «Карагие» ойыны арқылы жаттықтырып үйренеміз. Бес жасарлар ұшып келе жатқан допты бұрыңғыдан сенімді қағып алуға тырысады. Осы жастағы балалар допты бір-біріне дәл беріп, қорықпай қағып алуды меңгеруі қажет. Оны жаттығу үшін халық ойыны «Қағып ал» ойнатылады.

Балалар осы жаста екі қолымен допты басынан асыра лақтыруға жаттығады. Спорттық жаттығудың бұл әдісін халық ойындары «Тұмақ ұру» арқылы балаларды дағдыландырамыз. Допты лақтырушы лақтыру бағытына қарап тұрып, бір аяғын алға екінші аяғын артқа алшақ қоя тұрып доп ұстаған қолын басынан артқа асыра сәл бүгін, шынтағын алға жіберіп допты саусақтарын аша нық ұстап алға қарай допты лақтыруды меңгертеміз.

Допты басынан асыра алысқа лақтыртып үйретіп керек емес, жаттығу сапасы төмендеп кетеді. Белгілі нысанаға лақтыру мен алысқа лақтыру жаттығуларын «Карагие» ойыны арқылы үйренеміз.

Бес жастағы бала нысанаға немесе алысқа сермеп лақтыру кезінде денесін өзі ойлағандай еркін ұстап, дайындалады.

Баланың құлаштап сермеу мен лақтыру арасындағы байланысы осы жаттығуды көп рет қайталаған жағдайда жақсарады.

Бес жастағы баланың қозғалыс координациясының жақсарып, өз тұлғасын нақты бақылау қабілетінің жетілуі тепе-теңдік жаттығуларын бұрыңғыдан да күрделендіріп үйрету мақсатын қояды. Тепе-теңдік қабілеті ары қарай жетілдіре беру мақсатында спорттық құралдар-жабдықтарды кеңінен пайдаланумен қатар халық ойындары «Тартыс», «Теке тірес», «Қырықаяқ», «Көген тартыс», «Тең көтеру» балалардың осы қабілеттерін жетілдіруге үлкен пайдасы бар. Бұл ойындар баланың кеңістіктегі бағыт-бағдарды анықтауын, тұлғасының қозғалысын жылдам өзгертуді (тұру, отыру, еңкею, жату, т.б.) күтпеген сәтте денесін тез тепе-теңдік қалпында сақтауға әдеттендіреді.

Ойын барысындағы тепе-теңдікті сақтау жаттығулары баладан үлкен көңіл бөлуді, жинақталып зейін қоюды талап етеді. Ойын ойналып жатқан сәтте тәрбиеші бір қалыпты анық дауыспен балаға күш бере сөзбен көмектесін, оның тапсырманы дұрыс нақты жасауына жағдай жасайды.

Бес жасқа толған баладан жалпы даму жаттығу элементтері бар ойындарды ойнау барысындағы дұрыс қимыл-қозғалыс жасау талабы бұрынғыдан өседі. Негізінен алып қарағанда бұл топтамадағы жаттығуларды іріктеу кезінде баланың барлық дене мүшелеріне әсер ете алатын ойын түрлерін таңдаған жөн оларға қазақтың халық ойыны «Табак алып қашу немесе мүше алып қашу», «Ақ сүйек», «Дүмпілдек» ойындарын бес жасарларға лайықтап ойнатуға болады.

Жалпы даму жаттығуларын ұлттық ойынға енгізіп ойнатуда ойын құралдары сүйек, ағаш, тақтай, таяқ т.б. заттар пайдаланылады.

Ойын негізінде үйретілетін жаттығулар белгілі бір нәтижеге жетуді көздеп жасалады, сондықтан ойын ережесі мен алдына қойған мақсаты нақты бір қозғалысты дағдыға айналдыруды, сол арқылы дене мүшелерін дамытып шынықтыруды көздейді.

Бес жастағылар арасында ойынды жарыс сипатында өткізуге де болады, бастысы жарысу сәтінде бала тапсырылған қимыл-қозғалысты түрлерін дәл дұрыс орындағаны жөн. Ойын барысындағы баланың жеткен жетістігін әділетті бағалап үлгі етіп көрсету ұстаздың жұмысының табысты болуына көмектеседі әрі сабақтың сапасын арттырады.

Ережесі бар өзіндік мазмұнымен бейнеленетін ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын дене шынықтыру сабағының барлық бөліміне енгізіліп пайдалануға болады. Бұл жерде көңіл аударатын жағдай бала белсенділігінің біртіндеп ұлғайып денеге түсетін физиологиялық күш сабақтың кіріспе бөлімінен басталып бірте-бірте ұлғайып күрделендіре беруге болатындығы. Сабақтың қорытынды бөлімінде бала өзін еркін ұстап, ұзағырақ демалып ойнайтын жай қимылды ойындар ойнаған жөн. Бес жасарлар үшін халық ойындары: «Етек-етек», «Ортаға түспек», «Бөрік жасырмақ», «Шалма тастау», «Жасырынбақ» ойындарын ойнату тиімді.

Бала спорттық құрал жабдықтармен ойнамас бұрын онымен танысып, ұстап көрін үйренгеннен кейін барып қана ойынға қолдану тиімді болып келеді.

Негізгі қимыл-қозғалысты сабақ басында бір балаға орындатып көрсетіп үйреткен тәрбиеші үшін тиімді, басқа балалар үйреніп жатқан балаға қарап дұрыс жасау жолын көріп талдау жасауына мүмкіндігі болады. Жаттығуды жекелей әр баламен игергеннен кейін жалпылама барлығына бірдей, немесе бірнеше топқа бөліп жасатса, қозғалыс белсенділігі артады.

Жаңа жаттығу элементін баланың бұрын үйренген қимылымен байланыстыра, бекіте отырып үйрету керек.

Қимыл-қозғалысты меңгеру оны бірнеше рет қайталап, бекіткеннен кейін бір сабақ үстінде емес бірнеше сабақта дағдыландырып, жетілдіреді. Сабақта баланың қозғалыс белсенділігін арттыру үшін бірнеше жаттығудан құрастырылған біртұтас жаттығуды ойынға енгізу күрделі қозғалыс дағдыларын меңгеруге үйретеді.

Бес жастағы баланың берілген тапсырманы дұрыс орындауға деген ұмтылысы жақсы болып келеді, бала жақсы атқарған жұмысына мақтаныш сезіммен қарайды, сондықтан осы кезеңде баланың жақсы жақтарын айтып мақтап отыру баланың ынтасын арттыруға көмектеседі.

Егер бала жаттығуды орындауды қиынсына, бірге орындағаны жөн. Тәрбиеші баланың денесінен демеп көмектесіп, қауыпсыздық ережесін сақтау жолдарын ұйымдастырады. Балаға орындауына күрделі жаттығуды жасау барысында оған көмектесу мақсатында тәрбиеші балаға тағы да жеткізе түсіндіріп, бірге орындау, жаттығуды меңгеру уақытын үнемдейді.

Біздің ұсынып отырған ұлттық ойындарымыздың қай түрін алып қарасақта бала азғасының жоғарғы деңгейде жұмыс жасау қабілетін арттыруға бағытталған. Бұл жердегі маңызды фактор сабақтың басынан аяғына дейінгі бала қозғалысының белсенділігін

қамтамасыз етуді ұйымдастыру болып табылады. Ұлттық ойындар мен спорттық жаттығулар байланысын біртіндеп арттыра отырып қарапайым қозғалыстан күрделі қимыл орындау деңгейіне дейін жоғарылату сабақтың тиімділігін арттырады.

Бес жастағы балалардың дене дайындығы дамулары әртүрлі болып келеді сондықтан әр балаға дара қарым-қатынас жасау тиімді болып келеді. Бұл жерде денесі жақсы шынықпаған балаларға ерекше көңіл бөлініп оларға көмектесіп қолдау көрсету, сонымен қатар дене күші жақсы шымыр, пысық баланың да тәуелсіздігі мен ынтасын арттыруға көңіл бөлу қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Адамбеков К.И., Касымбекова С.И. Социально-педагогические основы физического воспитания учащейся молодежи. – Алматы, Санат. 2008. – 196 с.
2. А.К.Айтбаева. Қазақ халық ойындары-бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы. п.ғ.к. автореферат. Алматы., 1992. - Б. 26.
3. Алекторов Е.А. О рождении и воспитании детей киргизов, о правилах и власти родителей. - Оренбург, 1891. - 8 б.

**Монголия Ж.,** дене шынықтыру оқытушысы  
**Ибраева Г.К.,** дене шынықтыру оқытушысы  
**Рымбеков Қ.С.,** дене шынықтыру оқытушысы

Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлы-техникалық колледжі, Саран

### **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ АЛАП ОРНЫ**

**Аннотация:** Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде қазіргі қоғамда демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық мазмұн, студенттердің рухани азығына айналып отыр. Қазіргі таңда Ұлттық рухты, еліне деген сүйіспеншілікті дамыту қолға алынып жатыр. Осыны дамыту жолында жастардың еліне құрметпен қарағаны, азаматтық борышын білгеіі, өз көзқарасын, құқығын білгеіі дұрыс. Бұл мақалада осы тақырыпты көтеруіміз дұрыс деп шештік.

**Кілт сөздер:** спорт, ұлт, тарих, жастар, тәрбие

**Mongolia Zh.,** physical education teacher  
**Ibrayeva G.K,** physical education teacher  
**Rymbekov K.S,** physical education teacher

Saran higher humanitarian and technical college named after Abay Kunanbaev, Saran

**Abstract:** due to the democratic changes in modern society, when national and Kazakhstan honor are awoken, a new patriotic content becomes the “spiritual food” of students. Currently, the development of the national spirit and love for the country is underway. In order to develop this, it is necessary for young people to respect their country, to know their civic duty, to know their point of view and their rights. In this article, we want to pay attention on this topic and give more details according to it.

**Keywords:** sports, nationality, history, youth, education.

Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға түсірін, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой - пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық